

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.129-131

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ «ТНК» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА КҮНБАҒЫСТЫ СҮРЛЕМГЕ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Жаманова Г.О.

Ауыл шаруашылығы – қазіргі таңда ең маңызды салалардың бірі. Ауыл шаруашылығы өндірісінің міндеті – халықты жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізат қорымен қамтамасыз ету, сондай-ақ мал шаруашылығына тиісті жем-шөп қорын дайындау [1].

Өсімдік шаруашылығы диверсификациясы, бәсекеге қабілетті өнім өндіру, аса маңызды ауыл шаруашылық дақылдарының жаңа технологияларын жасау және өндіріске енгізу бағытында ауыл шаруашылығы саласының алдына жаңа міндеттер қойылуда. Оның үстіне таяу болашақта біздің еліміз барынша дамыған 50 елдің құрамына еруге тиіс. Осы мақсатта Елбасымыз өзінің 2017 жыл 31 қаңтардағы жолдауында:

«Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс[2].

Ауыл шаруашылығы - Қазақстанның жалпы және Ақмола облысын дамытудың басым бағыттарының бірі. Ақмола облысының ауыл шаруашылығының 2008 жылғы жалпы өңірлік өнімнің құрылымындағы үлесі 18,1% құрады. Ақмола облысы ең ірі астықты және қазіргі уақытта, сонымен қатар болашақта да астықтың мықты және күнбағыс түрін шетке шығаратын елдің негізгі экспортер өңірлердің бірі болып табылады. Орташа жылдық есептеулердегі жалпы астық жиналымы шамамен 4 млн. тоннаны, сондай-ақ жоғары сапалы астықты экспорттаудағы әлеуеті 1,5 млн. тоннаны құрайды [3].

Елбасы міндеттеген тапсырмалардың тағы бір маңызды тұсы кешенді әр тараптандыруға бет бұру. Соның негізінде келер жылдан бастап кезең-кезеңімен 2,3 млн. гектар жерге бидай егу қысқартылып, орнына майлы дақылдарға басымдық беріледі. Атап айтсақ, сұранысы жоғары күнбағыс, рапс, соя, сафлор сынды майлы дақылдар мен арпа, жүгері, қант қызылшасы сияқты дақылдарға қолдау көрсетіледі. Соның нәтижесінде қанттың импортын 97%-дан, 65%-ға, өсімдік майын импортын 38%-дан 16%-ға төмендету көзделіп отыр. Осы өсімдіктердің өнімділігін көбейту үшін сапалы

тұқым және тыңайтқыштар алуға мемлекеттен субсидиялар бөлінеді. 4 млрд. теңге тұқымшаруашылығын субсидиялауға бөлінеді [4].

Республикадағы майлы дақылдардың ең бастысы — күнбағыс. Оның дәнінде 50-52 пайыз май және 16-16,5% протеин болады. Күнбағыс майы негізінен тағам үшін, яғни маргарин, майонез, балық және көкөнісконсервілерін, нанжәне кондитер өнімдерін шығаруға қолданылады. Сонымен қатар, оның майы сабын қайнату және зәйтүн өндірісінде пайдаланылады. Дәнінің қауызы жақсы отын. Күнбағыс табағының күлтежапырақшаларынан дәрі дайындайды. Күнбағыстың күн жарасында 8-10% май, 1,1% мал азықтық өлшем болады, сондықтанол — малға бағалы концентратты жем. Күнбағыс — балды өсімдік және отамалы дақыл болғандықтан, ауылшаруашылы қөсімдіктері үшін жақсы алғы егіс. Егіншілікте егіс танаптарында ықтырма дақыл ретінде себіледі. Күнбағыс Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында дәнжәнесүрлемүшін, ал республиканың басқа облыстарында тек сүрлем үшін ғана өсіріледі.

Қазақстанда 2006 жылы күнбағыстың егіс көлемі 453,8 мың гектар, оның ішінде суармалы жерлерде 30,0 мың гектарға жетті. Орташаесеппеналғанда, солжылы республика бойыншакүнбағыстыңәргектарынан 6,3 центнер өнімалынып, ал оныңжалпытүсімі 285,9 мың тонна болды. Қазақстан бойынша 2006 жылы күнбағыстың Арманирец, Восход, Заря, Салют, Казахстанский 3/24 буданы, Родник, СПК, Солнечный-20, Казахстанский-341 сорттары аудан дастырылады [5].

Күнбағысты ауыспалы егісте сүрі жерде өсірілген бидайдан кейін, тыңайтылған күздіктерден, жүгеріден, дәнді бұршақ дақылдарынан кейін орналастырады. Бір ескертетін жайт, күнбағысты бұрынғы орнына 7-8 жылдан ерте қайталап орналастыруға болмайды (сұңғыламен, аурулар және зиянкестерімен залалдану және жарақаттану мүмкіндігі жоғары).

Топырақ өңдеу жүйесі алғы дақылға, өсірілу аймағына, талаптардың арамшөптермен ластауына, т.б. жағдайларға байланысты өзгереді. Күнбағысты таза сүрі жерде өсірілген бидай немесе күздіктерден кейін орналастырғанда алдыңғы дақылды жинап алысымен танаптар жазықтілгіш терең қопсытқыштармен 20-22 см және одан да тереңге қопсытылады. Жүгері алғы дақылынан кейін эрозиялық қауіпті ескере отырып, танапты терең қопсытуға немесе аудара жыртуға болады. Алғы дақылдардың арамшөптермен ластануы айтарлықтай жоғары болғанда және олардағы егінді жинағаннан кейін, жылы өрі ылғалды ауа райы қалыптасса, сонымен бірге эрозиялық қауіп болмаған жағдайда негізгі өңдеудің алдында арамшөптерді еліктету мақсатымен танаптар алдын ала дискіленеді. Қыста 1-2 рет қар тоқтату да оң нәтиже береді. Ерте көктемде топырақтың физикалық пісуіне қарай ине тісті немесе тісті тырмаларымен топырақ кесектерін үгіту және оның бетін тегістеу үшін топырақ тырмаланады, арамшөптер де көктеуге еліктетілінеді [6].

Күнбағыстың Қазақстанда рұқсат етілген сорттары мен будандары: Ислеро (орташа мерзімде пісетін будан) – ШҚО, Павлодар обл.;

Казахстанский 1 (орташа мерзімде пісетін будан) – Павлодар, ШҚО, Ақмола, Қызылорда обл.; Казахстанский 341 (орташа мерзімде пісетін будан) – Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Солтүстік Қазақстан обл.; Сибирский 91 (ультра ерте пісетін сорт) – Қарағанды, Павлодар обл.; Солнечный 20 (ерте пісетін будан) – СҚО, ШҚО, Павлодар обл.; СПК-Кондитерский (орташа мерзімде пісетін сорт) – Ақтөбе, Ақмола, Павлодар обл.; Восточный (будан) – Ақмола обл.; Торедо (ерте пісетін сорт) – Павлодар облысында ж.б. [7].

Сонымен қатар, күнбағыстың Қазақстанның солтүстік аймақтарына ұсынылған басқа да сорттары мен будандары да бар. Оларға: ЕС Петунья, Жайдарман, Меридиес КЛ, Светлана 10, Сумико, Яна, 8Н270КЛДМ, 8Х288КЛДМ.

Қазіргі кезде, «Ақмола облысы «ТНК»»ЖШС - де туындап тұрған шешімін табу керек мәселелерді атап өтетін болсақ:

1. Шаруашылықта күнбағыстың өсіру технологияларын саралау;
2. Шаруашылық жағдайында күнбағысты сүрлемге өсіру технологиясын жетілдіру;
3. Мол өнімді, жоғары сапалы күнбағыс алудың экономикалық тиімділігін құрастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасы «Агробизнес - 2020»
2. http://strategy2050.kz/page/message_text20171/
3. Зубцов В.А., Лебедева Т.И., Осипова Л.Л., Антипов Н.В. Потребительская ценность семян льна. Аграрная наука, №12, -С.9-11.
4. Mgov.kzсайты.Минеев В.Г. Достиженияагрохимии и сельскохозяйственное производство. М., «Знание», 1979.
5. <http://ikaz.kz/kunbagys-turaly-malimet/>
6. Солтүстік Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы, Әрінов Қ.К., Шестакова Н.А., Астана 2009.
7. Өсімдік шаруашылығы, Қ.К.Әрінов., Қ.М.Мұсынов., А.Қ.Апушев., Н.А.Серекпаев., Н.А.Шестакова., С.С.Арыстанғұлов, Алматы – 2011 . – 475-480б

Ғылыми жетекші: Ногаев А.А., PhD, аға оқытушы